

**Қазақстан Республикасының Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасы
туралы Ережені бекіту туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 13 мамыр N 590. Күші
жойылды - ҚРҰ-нің 1997.05.20. N 851 қаулысымен. ~P970851

"Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының құрылымын
жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19
қазандағы N 2541 U952541_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының
Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасы
туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Мыналар:

"Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы
Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасының мәселелері" жөніндегі
Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 10 наурыздағы N
206 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, N 10, 177-бап);

"Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы
Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасы жөніндегі Ережені бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 8 маусымдағы N
509 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 23, 362-бап);

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 6 ақпандағы N 115 қаулысымен (Қазақстан Республикасының
ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 5, 62-бап) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің
шешіміне енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың 10-тармағы күшін жойған
деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 13 мамырдағы
N 590 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының Гидрометеорология
жөніндегі бас басқармасы туралы
Е Р Е Ж Е

1. Қазақстан Республикасының Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасы (Қазгидромет) Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқармасының орталық атқарушы органы болып табылады.

Қазақстан Республикасы Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасы гидрометеорологиялық мониторинг және табиғи орта мониторингі саласындағы мемлекеттік басшылықты жүзеге асырады, Қазақстан Республикасының атқарушы өкімет органдарын, ұйымдары мен халқын табиғи орта және климатының жай-күйі, гидрометеорологиялық жағдай және табиғи орта жай-күйіндегі нақты және күтілетін өзгерістер, өзгерістердің себептері туралы ақпараттармен қамтамасыз етеді, сондай-ақ осы саланың одан әрі дамуына жауап б е р е д і .

Қазгидромет, басты ұйымдар, аумақтар органдар, ғылыми-зерттеу мекемелері, байқау стансалары мен постары және басқа да оған қарасты мемлекет пен кәсіпорындар бірегей жүйені құрайды. Қазгидрометтің құрамына кіретін ұйымдардың тізімі ұсынылып отыр.

Қазгидромет Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті есебінен ұсталады, заңды ұйым болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген қазақ және орыс тілдерінде өз атаулары жазылған дөңгелек мөрі, сондай-ақ фирмалық үлгі қағаздары болады.

2. Қазгидромет өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын және осы Ережені басшылыққа алады және қолданылып жүрген заңдардың ведомствоға бағынысты кәсіпорындарда, мекемелерде, ұйымдарда дұрыс қолданылуын қамтамасыз етеді, өз құзырына қатысты мәселелерде заңдардың ведомствоға бағынысты кәсіпорындарда, мекемелерде, ұйымдарда дұрыс қолданылуын қамтамасыз етеді, өз құзырына қатысты мәселелерде заңдардың қолданылу практикасын пысықтайды, оны одан әрі жетілдіру туралы ұсыныс әзірлеп, оны белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің карауына енгізеді.

3. Қазақстан Республикасының Гидрометеорология жөніндегі бас

басқармасының негізгі міндеттері мыналар:

республикада гидрометеорологиялық мониторинг және табиғи орта мониторингі саласында бірінғай ғылыми-техникалық саясат жүргізу;

атқарушы өкімет органдарына, құқық қорғау органдарына, бұқаралық ақпарат құралдарына, республика ұйымдары мен кәсіпорындарына, мекемелеріне және басқа да тұтынушыларға тегін және шарттық негізде гидрометеорологиялық ақпараттар мен мәліметтер беру. Бюджеттік қаржыландыру есебінен республикалық ұйымдарға тегін берілетін ақпараттардың тізбесі мен көлемі жыл сайын Қазақстан Республикасы Үкіметінің келісімімен белгіленеді;

мемлекеттік гидрометеорологиялық жүйелер мен табиғи ортаның ластану жайын бақылау пунктерін ұстау және дамыту;

қысқа және ұзақ мерзімді метеорологиялық, гидрологиялық және агрометеорологиялық болжауды әзірлеу мен жасау, гидрометеорологиялық құбылыстарды, климат өзгерістерін, жер бетінің радиациялық ахуалын зерттеу;

гидрометеорологиялық табиғи құбылыстардың алдын алу;

Қазақстан Республикасы ұйымдарының, кәсіпорындары мен мекемелерінің мүддесіндегі гидрометеорологиялық процестер мен құбылыстарға белсенді әсер ету жұмыстарын ұйымдастыру;

гидрометеорологиялық және табиғи ортаның жай-күйі жөніндегі Республикалық қорды жүргізу;

Қазақстан Республикасы аумағында өзге ұйымдардан алынған гидрометеорологиялық мәліметтерге мемлекеттік сараптау жүргізу;

өз құзыры шеңберінде заң және заңға қосымша актілердің жобаларын әзірлеу;

өзге мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен гидрометеорологиялық және табиғи ортаның мониторингі саласында белгіленген тәртіппен ынтымақтастық орнату болып табылады.

4. Қазгидромет өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мына қызметтерді жүзеге асырады :

ғылым мен техниканың жаңа жетістіктері негізінде сенімді тіршілік етуді, табиғи ортаның жағдайын байқау мемлекеттік жүйенің одан әрі дамуын қамтамасыз етеді ;

атмосфераның, су бетінің, ауыл шаруашылығы дақылдары мен жайылымдардың, жер бетіндегі радиациялық жағдайдың жай-күйіне ұдайы байқау жүргізеді ;

табиғи орта мен климаттың жай-күйіне әртүрлі табиғи факторлар мен адамның өндірістік қызметінің әсеріне талдау жасайды, төтенше жағдайлар мен апатқа соқтыратын гидрометеорологиялық табиғи құбылыстарды болжаудың әдістерін жетілдіреді ;

арнайы уәкілетті органдармен бірлесе отырып Қазақстан Республикасы үшін біртұтас жүйе бойынша судың сандық және сапалық көрсеткіштері және оларды пайдаланудың мемлекеттік есебін сондай-ақ шарттық жағдайда Мемлекеттік су кадастарын жүргізуді жүзеге асырады;

мүдделі министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен және басқа да орталық атқарушы органдармен бірлесе отырып Қазақстан Республикасының құрылыстарын жобалауға арналған гидрометеорологияның сипаттама есебінің әдісі бойынша нормаларды, ережелерді және шаруашылық саласына гидрометеорологиялық қызмет көрсету жоспарын жасайды және бекітеді, олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

гидрометеорологиялық өлшеулер мен табиғи ортаның жай-күйін бақылауға арналған аспаптар мен жабдықтардың номенклатурасын белгілейді, осы аспаптар мен жабдықтарға техникалық талаптарды әзірлейді;

табиғи ортаның жай-күйін бақылаудың мемлекеттік жүйесіндегі өлшемдер нәтижелерінің бірлігі мен салыстырмалылығын, Қазгидрометтің кәсіпорындары, ұйымдары мен мекемелерінің қызметін метеорологиялық қамтамасыз етудің негізгі қағидаларын, ережелері мен нормаларын стандарттауды қамтамасыз етеді, метеорологиялық бақылауды, метеорологиялық, гидрологиялық, актинометриялық, теңіз гидрометеорологиялық, агрометеорологиялық аспаптар мен құрғыларды тексеру мен аттестацияларды жүзеге асырады;

министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, басқа да орталық атқарушы органдардың, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың гидрометеорологиялық станциялар мен постарын ұйымдастыру мен таратуға к е л і с і м б е р е д і ;

гидрометеорологиялық, геофизикалық байқау материалдарын, сондай-ақ табиғи ортаның жай-күйі туралы мәліметтерін орталықтандырылған есепке алуды, сақтауды және беруді жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының аумағындағы табиғи ортаның жай-күйі, климаттың, агроклиматтың жағдайы және су ресурстары туралы ғылыми-техникалық және ғылыми-қолданбалы әдебиеттерді дайындауды және б а с ы п ш ы ғ а р у д ы жүзеге асырады;

Қазгидромет кәсіпорындарының, мекемелері мен ұйымдарының басшы, инженерлік-техникалық және басқа қызметкерлерін даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

Қазақстан Республикасының аумағында басқа ұйымдар алған гидрометеорологиялық деректердің барлық түрін, сондай-ақ олардағы гидрометеорологиялық ақпараттың пайдаланылуына қатысты кез-келген жобаларды с а р а п т а м а д а н ө т к і з е д і ;

белгіленген тәртіппен басқа да шет ел мемлекеттерімен және халықаралық

ұйымдармен байланыс және ақпарат алмасуды жүзеге асырады, олармен өз құзырына жататын мәселелер бойынша шарттар жасасады, гидрометеорология және табиғи ортаның мониторингі мәселелері жөніндегі жұмысқа министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың қатысуын үйлестіреді.

5. Қазгидрометке өзіне жүктелген міндеттер мен қызметтерін шешу үшін мынадай :

Қазақстан Республикасы Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеттің келісімімен белгіленген тәртіппен өз меншігіндегі гидрометеорологиялық өнімдеріне бағаны әзірлеу және бекіту;

белгіленген тәртіппен барлық министрліктер, мемлекеттік комитеттер, басқа орталық атқарушы органдар, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар үшін міндетті гидрометеорология және табиғи ортаның жай-күйін бақылау саласында жұмыстарды жүргізу жөніндегі ережелерді, техникалық және әдістемелік нұсқауларды, сондай-ақ Қазгидрометке бақылаудың және техникалық есеп берудің нәтижелерін беру нысандары мен тәртібін бекіту;

жүктелген міндеттерді шешу үшін және тұтастай алғанда салада және жекелеген кәсіпорынның өндірістік қызметінде гидрометеорологиялық ақпаратты пайдаланудың тиімділігін бағалау үшін қажетті материалдарды министрліктерден, мемлекеттік комитеттерден, басқа да орталық атқарушы органдардан, кәсіпорындардан, мекемелерден, ұйымдардан алу;

күтілген табиғи гидрометеорологиялық құбылыстар және ауа-райының күрт өзгерістері туралы хабардар ету тәртібін министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен, басқа да орталық атқарушы органдармен және облыс әкімдерімен келісу;

министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен, басқа да атқарушы органдармен және облыс әкімдерімен бірлесе отырып, табиғи гидрометеорологиялық құбылыстардың зардаптарын және басқа да гидрометеорологиялық факторлар тудырған табиғи ортаның жай-күйінің өзгерістерін зерттеуге қатысу;

белгіленген тәртіппен өзіне қарасты кәсіпорындарды, ұйымдар мен мекемелерді құруға, таратуға және қайта құруға, осы кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелерді құруға, таратуға және қайта құруға, осы кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер туралы ережелерді (жарғыларды) бекіту;

гидрометеорология және табиғи ортаның жай-күйін бақылау саласындағы көкейтесті мәселелерге орай кеңес алысу, зерттеу және шешу үшін ғалымдарды, мамандар мен сарапшыларды тарту;

Қазгидрометтің құзырына кіретін мәселелер жөнінде кеңестер, семинарлар, конференциялар және халықаралық симпозиумдар өткізу құқығы берілген.

6. Қазгидромет өзіне жүктелген міндеттерді Қазақстан Республикасының мүдделі министрліктерімен, мемлекеттік комитеттерімен, басқа да орталық атқарушы органдарымен және облыс әкімдерімен ынтымақтаса отырып шешеді.

7. Қазгидромет мерзімді және жылдың жиынтық қаржылық есебін құрастырады және оны тиісті орталық атқарушы органдарға ұсынады.

8. Қазгидрометті Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын бастық б а с қ а р а д ы .

Қазгидромет бастығының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын (босататын) екі орынбасары болады.

9. Қазгидромет бастығы Қазгидрометке жүктелген міндеттерді орындалуына толығымен жауап береді, орынбасарлары мен бөлімшелері жетекшілерінің дербес жауапкершілік деңгейін белгілейді.

10. Қазгидромет бастығы:

барлық мемлекеттік органдарда, ұйымдарда Қазгидрометтің мүддесін білдіреді, шарттар жасайды, банктерде бюджеттік есеп айырысу және өзге де ш о т т а р ы н а ш а д ы ;

Қазгидромет бекітілген адам саны мен еңбекке төлеу шегіндегі орталық аппараттың штаттық кестесін бекітеді;

Қазгидромет аумақтық органдарының қызметін ұйымдастырады, Қазгидрометтің қарамағындағы кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың жұмысын үйлестіреді, олардың құрылымы мен ережесін бекітеді;

облыс әкімдерімен келісім бойынша Қазгидрометтің гидрометеорология және мониторинг жөніндегі аумақтық органдарының басшыларын тағайындайды және б о с а т а д ы ;

Қазгидрометтің құзырындағы қолданылып жүрген заңдар негізінде және орындау үшін бұйрықтар, өкімдер шығарады, саланың барлық қызметкерлері, қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің орындауы үшін м і н д е т т і н ұ с қ а у л а р б е р е д і .

11. Қазгидрометте саланың өндірістік міндеттерін дамыту мен шешудің басты желісін белгілеу үшін Қазгидрометтің бастығы (алқа төрағасы) лауазымы бойынша оның орынбасарлары және Қазгидрометтің жетекші бөлімшелерінің басшылары құрамында алқа құрылады. Алқа құрамы және алқа қызметі осыған байланысты жүзеге асырылатын ережені Қазгидромет бастығы бекітеді.

Алқаның шешімі Қазгидромет бастығының бұйрықтарымен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

12. Гидрометеорологиялық бақылаулар мен жұмыстар әдістемесінің, табиғи ортаның жай-күйін бақылаудың негізгі мәселелерін, ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарлары мен нәтижелерін қарау, саланың проблемаларына

байланысты режимдік анықтамаларды, шолуларды және басқа басылымдарды қорыту мен шығару үшін Қазгидромет жанынан

ғылыми-техникалық кеңес құрылады. Қазгидромет бастығы кеңес төрағасы болып табылады.

Ғылыми-техникалық кеңес құрамы және ол туралы ережені Қазгидромет бастығы бекітеді.

13. Қазгидромет бюджеттен тыс қаржы есебінен гидрометеорология және табиғи орта мониторингі проблемалары бойынша "Гидрометеорология және экология" атты журнал шығарады.

Қазақстан Республикасы Гидрометеорология жөніндегі
бас басқармасының құрамына енетін ұйымдардың
Т І З Б Е С І

Қазақстан Республикасы Гидрометеорология
жөніндегі бас басқармасының басты ұйымдары

Ауа райы Бюросы, Алматы қ.

Мониторинг орталығы, Алматы қ.

Ақпарат жинау және өңдеу жөніндегі орталық, Алматы қ.

Өлшеу құралдары қызметі, Алматы қ.

Біріккен мамандандырылған орталық, Алматы қ.

Авиацияны метеорологиялық қамтамасыз ету басқармасы, Алматы қ.

Гидрометеорология және табиғи ортаның ластануы жөніндегі
Республикалық қор, Алматы қ.

Қазақтың қоршаған орта мониторингі және климаты ғылыми-зерттеу
институты, Алматы қ.

Тәжірибелік жөндеу-өндірістік кәсіпорны, Алматы қ.

Автошаруашылық, Алматы қ.

Қазақстан Республикасының Гидрометеорология
жөніндегі бас басқармасының облыстық ұйымдары

Гидрометеорология және мониторинг жөніндегі Ақмола облыстық
орталығы, Ақмола қ.

Гидрометеорология және мониторинг жөніндегі Ақтөбе облыстық
орталығы, Ақтөбе қ.

Гидрометеорология және мониторинг жөніндегі Атырау облыстық
орталығы, Атырау қ.

Гидрометеорология және мониторинг жөніндегі Шығыс Қазақстан облыстық орталығы, Өскемен қ.

Гидрометеорология және мониторинг жөніндегі Жамбыл облыстық орталығы, Жамбыл қ.

Гидрометеорология және мониторинг жөніндегі Жезқазған облыстық орталығы, Жезқазған қ.

Гидрометеорология және мониторинг жөніндегі Батыс Қазақстан облыстық орталығы, Орал қ.

Гидрометеорология және мониторинг жөніндегі Қарағанды облыстық орталығы, Қарағанды қ.

Гидрометеорология және мониторинг жөніндегі Көкшетау облыстық орталығы, Көкшетау қ.

Гидрометеорология және мониторинг жөніндегі Қостанай облыстық орталығы, Қостанай қ.

Гидрометеорология және мониторинг жөніндегі Қызылорда облыстық орталығы, Қызылорда қ.

Гидрометеорология және мониторинг жөніндегі Маңғыстау облыстық орталығы, Ақтау қ.

Гидрометеорология және мониторинг жөніндегі Павлодар облыстық орталығы, Павлодар қ.

Гидрометеорология және мониторинг жөніндегі Солтүстік Қазақстан облыстық орталығы, Петропавл қ.

Гидрометеорология және мониторинг жөніндегі Семей облыстық орталығы, Семей қ.

Гидрометеорология және мониторинг жөніндегі Талдықорған облыстық орталығы, Талдықорған қ.

Гидрометеорология және мониторинг жөніндегі Торғай облыстық орталығы, Арқалық қ.

Гидрометеорология және мониторинг жөніндегі Оңтүстік Қазақстан облыстық орталығы, Шымкент қ.